

ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯ – КИЕЛІ ӨНЕР ШАҢЫРАҒЫ

ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫНА 70 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған аз уақыттың ішінде білім деңгейі жаңа бағытта дамып келеді. Түрлі саладағы жоғары оқу орындары елімізге қажетті мамандар дайындауды мақсат етіп отыр. Бұл – өнер мен музыкаға да қатысты жайт. Осы орайда қазақстандық кәсіби музыканы дамыту, кәсіби музыкантты оқытудың басты тірегіне айналып отырған Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы да 70 жылдық тарихын артқа тастап, бүгінгі тәуелсіз елдің музыкалық білім беру ошағына айналып отыр. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы – қазақ өнерінің қара шаңырағы, ұлт мәдениетінің музыкалық ордасы. 2014 жылы консерваториямыздың құрылғанына 70 жыл толды. 1944 жылдың 24 мамырында Қазақстандағы алғашқы музыкалық оқу орны ретінде құрылған консерваторияға 1945 жылы XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың дәулескер күйшісі Құрманғазы Сағырбайұлының есімі берілді. Осы уақытқа дейін еліміздегі бірегей музыкалық жоғары оқу орны болған консерватория 70 жылда түрлі белесті бағындырып, бүгінгі инновациялы, музыкалық жағынан жан-жақты қамтылған үлкен музыкалық оқу орны деңгейіне көтерілді. Құрылған күннен бастап Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы мен кейінгі тәуелсіз Қазақстан тарихында шығармашылықпен қатар кәсіби білімді қалыптастыра білді. Қазақ ұлттық музыкасы мен еуропалық музыканы құстың қос қанатындай қатар дамытты. Осы үрдістің нәтижесінде консерваторияда жан-жақты дарын иелері қалыптасты. Қара шаңырақта қазақтың музыка тарихында аттары алтын әріппен жазылған А. Жұбанов, Е. Брусиловский, М. Төлебаев, Қ. Қожамияров, Ғ. Жұбанова, Е. Рахмадиев, Қ. Ахмедияров сынды аты әлемге танымал дарын иелерінің композиторлық мектептері құрылып, орындау шеберліктері шыңдалды.



Соңғы он жыл көлемінде консерватория оң өзгерістер мен шығармашылық ілгерілеу сатысына көтерілді. 2001 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің №648 жарлығына сәйкес «Қазақ ұлттық консерваториясы» мәртебесіне ие болды. Осыған байланысты музыкалық білім берудің бәсекеге қабілетті қазақстандық үлгі қалыптастыру, мемлекеттің мәдени, саяси басымдылығын ЖОО арқылы таныту міндеті туындады. Аталған міндет консерваторияның Қазақстан Республикасының жетекші музыкалық оқу орны ретінде Қазақстан мен шетелдердегі сұранысқа сәйкес кәсіби біліктілігі жоғары мамандар даярлауға негіз болды. Бұл жоғары музыкалық білім берудегі ұлттық үлгіні сақтай отырып, еуропалық дәстүрдің синтезін пайдалану, оқытудың ұлттық жүйесін құру мақсатымен жүзеге асып отыр.

Консерваторияда КСРО және ҚР Халық әртістері – Б. Төлегенова, Е. Серкебаев, Р. Жаманова, А. Молодов, Ә. Дінішев, Н. Үсенбаева, Т. Мұхамеджанов, А. Мырзабекова, Н. Патрушева, З. Бейсембаева сияқты Қазақстанның көрнекті өнер қайраткерлері сабақ беріп, музыкалық білім беру ісіне зор

үлес қосты. Сонымен қатар қара шаңырақта өнертану саласының белгілі ғалымдары, белді музыканттар да қызмет етіп келеді. Қазіргі кезде консерваторияның профессорлық-оқытушы құрамы 200-ден асады.

Жаңа заман талаптарына сай мамандықтар ашу қажеттігіне байланысты «арт-менеджмент» мамандығы бойынша бакалавриат және магистратура бағдарламасы енгізіліп, «Инновациялық музыкалық педагогикалық технологиялар» кафедрасы ашылды. 2005 жылы «музыкатану», «композиция» «аспаптық орындаушылық», «вокалдық өнер», «дирижерлау», «дәстүрлі музыкалық өнер» мамандықтары бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі магистратура мен докторантура бөлімі ашылды. Бүгінгі таңда магистранттар педагогикалық және ғылыми бағыттарда ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып келеді. Консерватория студенттері 2004 жылы енген білімді жүйелі бағалаудың балл-рейтинг жүйесі бойынша білім алуда.

Консерватория ұжымы түрлі халықаралық, республикалық жобаларға да белсене қатысып келеді. 2007-2012 жылдарға арналған «Қазақстан Республикасы музыкалық білім беру стратегиясының дамуы» атты мемлекеттік жобаға қатысып, үлкен жетістіктерге ие болды. Сондай-ақ Қазақстан жоғары оқу орындары арасында өткен «Өнер жоғары оқу орындары» атты басты көрсеткіште 1-орын алып, жоғары деңгейге көтерілді.

Консерваторияда түрлі халықаралық ғылыми конференциялар ұйымдастырылып, әлемдік деңгейдегі ғалымдардың шеберлік кластары өтіп, дөңгелек үстелдер, симпозиумдар, тренингтер, семинар-практикалар т.б. өткізіліп тұрады. И. Федоров, К. Зенкин, М. Дубровская, В. Рагимов, М. Тонгерен, А. Архинчеев, И. Ильбаков, Фабрицио Сантарелли, Паскуалино, А. Ершова, Д. Шапалов, Т. Алиханов, Геза Хоззу, А.Н. Соколова, Г. Попова сияқты танымал музыкант ғалымдар педагогтер мен студенттерге түрлі шеберлік кластарын өткізді. Бұл – консерваторияның орындаушыларды дайындаумен ғана шектелмей, музыка саласының теориясын қалыптастырып, инновациялық даму биігіне көтерілгендігінің айқын дәлелі. Соның нәтижесінде Қазақстан Республикасының қазақ өнері мен еуропалық мәдениеттің насихатталуы, қарыштап, қатар дамуына өзіндік үлес қосып келеді. Түрлі жанрдағы ғылыми туындылар дүниеге келді. Консерватория қабырғасында «Қазіргі заманғы музыкалық білім мәселелері», «Музыкалық білім проблемасындағы болондық жүйе», «Ғазиза Жұбанова және XX ғасыр музыкасы», «Б.Сарыбаевқа – 80 жыл», П. Аравиннің 100 жылдығына арналған, «Орта Азия халықтарының дәстүрлі музыка мәдениеті» сияқты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізілді. Консерватория соңғы онжылдықта профессор-оқытушылар құрамын оқытудың қазіргі инновациялық әдістері арқылы оқытумен қатар, отандық және

шетелдік ғалымдарды тарта отырып, профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттырып отыр.

Консерватория қабырғасында «Ғасырлар үні» республикалық домбырашылар байқауы, Ішекті аспапта орындаушылардың халықаралық байқауы; «Ғаламат ғұмыр – ғибратты ғасырларда» атты халықаралық конференция мен концерттер, I-IV Халықаралық пианистер конкурсы, «Рояльға арнау» халықаралық фестивалі,

А. Жұбановтың 100 жылдығына арналған конференция, Болат Сарыбаевтың туғанына 80 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Ғасырлар үні» халықаралық фестивалі, «Наурыз-21» жаңа музыкасы I-III халықаралық фестивальдар, «Алтын күз» атты гобой аспабында орындаушылардың республикалық фестивалі; «Шахмардан достарын шақырады» атты вокал өнері саласында халықаралық фестиваль; композитор Қ. Қожамиярұлының 90 жылдығына арналған «Қ. Қожамиярұлы: уақыт және музыка» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция, кітаптар; «Маржан іздеушілер» атты студенттердің интеллектуалдық клубы, «Қыз сыны», «Студенттердің көңілді тапқырлар клубы (КТК)», «Поэзия кештері», «Көркем сөз оқу шеберлерінің сайысы», «Жарық жұлдыздар» атты халықаралық жалпы білім беретін бағдарлама, авторлық жобалар дүниеге келді. Бұл – қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен еуропалық музыкалық білімді дамытуға бағытталған ұстанымдар мен ұтымды пікірлердің айғағы іспетті.

Ұжым педагогтері Қазақстанға ғана емес, әлемге танымал музыканттардан құралған. Олардың қатарында көрнекті пианист Ж. Әубәкірова, даңқты хормейстр Анатолий Молодов, танымал баритон Е. Серкебаев, аңыз әнші Б. Төлегенова, «алтын труба» Ю. Клушкин, виртуоз домбырашы Қ. Ахмедияров, халықаралық скрипкашылар байқауының лауреаты Г. Мырзабекова, қазіргі заманғы композитор Е. Рахмадиев және т.с.с.



Ұжым педагогтері мен студенттері қазақ өнерін Шығыс және Батыс Еуропа елдерінде, АҚШ, Ресей, Қытай, Түркия, Египет, Катар, Ирак, Сингапур, Тайланд, Жапон, Оңтүстік Корея және т.б. елдерінде лайықты түрде танытып келеді.

Консерватория студенттері халықаралық және республикалық байқаулар мен фестивальдарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Бүгінгі таңда оқу орнының 1500-ге жуық студенті түрлі байқауларға қатысып, лауреат атанды. 248-і – халықаралық «Шабыт» фестиваліне, 79-ы – халықаралық пианистер байқауына, 108-і – халықаралық ішекті аспапта орындаушылар байқауына, 89-ы – халықаралық вокалды өнер байқауы мен фестиваліне, 378-і – республикалық ұлт аспаптарында орындаушылар мен дәстүрлі ән байқаулары мен фестивальдарға қатысты.

Соңғы жылдары консерватория студенттері гастрольдік сапармен республиканың түкпір-түкіпіріне, алыс және жақын шетелдерге барып тұрады.

Студенттердің симфониялық оркестрі концерттік қойылымдарымен Қазақстан қалаларында, Ұлыбританиядағы Barbican Hall концерт залында; Италияның Сан Феличе Академиясында өткен «Ninth

International Festival of European Youth Orchestras» атты жастар оркестрі фестивалінде, Германияның Берлин, Кассель, Франкенберг, Баттенберг, Бонн қалаларында өткен «Young Euro Classic» және «Kultursommer» халықаралық жастар оркестрі фестивалінде өнер көрсетті, студенттердің ұлт аспаптар оркестрі Қытай Халық Республикасы мен Түркияның Анкара, Стамбул қалаларына гастрольдік сапармен барып, Қырымда өткен «Халықаралық өнерлі жастар мен студенттер фестиваліне» қатысты, консерватория студенттерінің аралас хоры Италиядағы Халықаралық хор ұжымының «Музыкалық Венеция-2009» фестиваліне қатысты, консерватория студенттерінің камералық оркестрі Тәжікстандағы халықаралық «Бахористан» камералық оркестрлер фестиваліне қатысты, консерватория педагогтері мен студенттер ұжымы Алматы қаласындағы республика сарайында, Астана қаласының сарайында концерт қойды. Консерватория түлектері республиканың түрлі музыкалық ұжымдарында, концерттік ұйымдар мен оқу орындарында табысты қызмет етіп келеді.

Жаңа заман талабына сай елімізде түрлі бағыттағы теле-, радиокешендердің саны мен сапасы артып келеді. Консерваторияның бұл бағыттағы жұмыстарына «Классика» деп аталатын теле-, радиокешені мен жылжымалы телевизиялық стансының құрылуын, бірегей музыкалық шығармаларды орындаушылардың CD және DVD

баспаларын басып шығаруын, авторлық бағдарламаларды құру; дыбыс жазу және бейнережиссерлық бағытта мамандар даярлау т.с.с. шараларды атауға болады. Қазіргі таңда аудио және бейнеформаттағы қазақтың дәстүрлі және кәсіби музыкасын сақтап қалу мақсатында түрлі жұмыстар атқарылып келеді. Жаңадан құрылған теле-, радиокешен болашақта дыбыс режиссерлері мен продюсерлерді, дыбыс инженері мен музыка сыншыларын, бағдарлама редакторлары мен радио дикторларын даярлау ісіне мұрындық болып отыр.

Әсіресе консерваторияның «Қазақстан» РТРК АҚ-мен бірігіп іске асырған бірыңғай медиажобасы – заманауи аппаратуралармен жабдықталған «Классика» теле-, радиостудия кешенінің орны бөлек. Бұл – Қазақстан аумағында толығымен классикалық музыка негізінде таратылған алғашқы радиостансы.

Радио алғаш рет 2011 жылдың 6 маусымында 102.8 FM жиілігінде эфирге шықса, 2013 жылдың 22 желтоқсанынан бастап Астана қаласында 102,7 FM жиілігінде таратыла бастады. Classic радиосының «Классикомания» бағдарламасы «AIBs Inspiring Creativity Awards» халықаралық теле-, радиохабарлар ассоциациясының байқауында «ең соны, көңіл жадырататын, жанды тыныштандыратын танымдық бағдарлама» ретінде арнайы дипломмен марапатталды. Сонымен қатар «Радио Classic – сәннен шықпағаны үшін» Fashion TV AWARDS марапатына ие болды.

Оқу орнының материалдық-техникалық базасы да қазіргі заман талабына сай жетілдірілген. Мұнда екі оқу ғимараты, интерактивті тақтамен жабдықталған, арнайы мамандыққа бағытталған кластар, концерт залдары (Үлкен орган залы // 500 орын, А. Жұбанов атындағы кіші зал // 236 орын, Шопен атындағы камералық зал // 170 орын), кітапхана (мамандыққа арналған музыка әдебиеттерімен толық қамтамасыз етілген, ол 579038 дана музыка мен мәдениет аумағында



сирек кездесетін әдебиетпен жабдықталған, фонотека, медиатека, әлемдік музыка мәдениетінің, қазақ дәстүрлі және қазіргі заман музыкасы шығармаларының 6000-нан аса үнтаспасы сақталған), оқу залы, музыкалық шеберхана, компьютер сыныбы, интернет сыныптары, медиа-класс, «Классика» теле-, радиокешені, дыбыс жазу студиясы, жылжымалы телевизиялық кешен; спорт, жаттығу залдары, жаңа жиназды және қазіргі заманға сай тұрмыстық-техникалы жатақхана, концерттік киім қоймасы, асхана, буфет бар. Студент-музыканттарға қажетті музыкалық аспаптар да жаңартылған. Студенттер жапон, неміс өндірушілерінің жаңа аспаптарын (Steinway, Yamaha, Grotrian, Bluthner, August Forster), ішекті квартетке арналған электрондық аспапты пайдаланады. Заманға сай баспахана кешені түрлі көбейткіш техникалармен жабдықталған.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының мәдениетін дамытып, өнерін насихаттап келе жатқан жоғары оқу орны – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы 2014 жылдың қараша айында құрылғанына арналған 70 жыл толуын халықаралық деңгейде атап өтті.

Осыған байланысты Алматы қаласындағы Республика сарайы (18.11.2014) мен Астана қаласындағы Үлкен концерт залында (25.11.2014)

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының жеке орындаушылары мен ұжымдық концертін көрсетіп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Музыка ғылымын дамыту, насихаттау мақсатында «Дәстүрлі және заманауи музыка дамуының өзекті мәселелері, тәжірибесі мен келешегі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды. Конференцияда музыка ғылымының заманауи жағдайы, дәстүрлі музыканы оқып-үйрену мәселелері, орындаушылық мәдениет, қазіргі заманғы композиторлардың шығармашылығы, музыкалық білім беру, мәдениет саласындағы көрші облыстарды басқару, педагогика және психология сияқты консерваторияның барлық ғылыми-зерттеушілік жұмыс бағытын қамтыды. Бұл – консерваторияның қазақ халқының дәстүрлі музыкасының, сонымен қатар музыкатану, музыкалық педагогика, мәдениеттану сияқты кең ауқымды заманауи ғылымдардың іргелі зертеулер базасы үшін ғылыми орталық болғандығының дәлелі іспетті. Бұрынғы Кеңес Одағындағы басқа музыкалық ЖОО-мен тығыз байланыс орнатты. Алыс-жақын шетелдермен шығармашылық, ғылыми байланыс орнатқан консерваторияда өткізілетін ғылыми конференцияларға Ұлыбритания, Чехия, Словакия, АҚШ, Франция, Тайланд, Жапониядан келген өкілдер қатысып тұрады.

«Түркі-моңғол халықтарының дәстүрлі музыкасы: мәселелері мен болашағы» атты халықаралық

ғылыми-тәжірибелік семинар да – мерейтойлық шара аясында өткен жобалардың бірі. Мұнда зерттеушілер назарынан тыс қалып келе жатқан түркі-моңғол халықтарының дәстүрлі музыкасы мен жанр түрлеріне көңіл бөлініп, кейінгі жылдардың зерттеу нысанына айналдыруды мақсат еткен тұжырымдар мен ұтымды ойлар сарапқа салынды.

Мерейтой қарсаңында консерватория болашақта музыка саласындағы еңбектерді жариялау, ұтымды ойларды сарапқа салу, талдау мақсатымен «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Хабаршысы» ғылыми журналы шыға бастады.

Қорыта келе, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы бүгінгі деңгейге жету үшін түрлі белестерді бағындырды. Әлемдегі музыкалық жоғары оқу орындарының қатарына қосылу мақсатында іргелі жобаларды жүзеге асырып, білім-ғылымды жетілдіріп, тәрбие, ақпараттық іс-шаралар арқылы талғамы биік, дарынды өнер иелерін дайындамақ.

Бұл мақсат – музыкалық өнер ордасының болашақта да көркейіп дамуына негіз болумен қатар музыка білімінің алар асуларын айқындайтын сара жолы болары анық.

*Г. СУЛЕЕВА,
Құрманғазы атындағы
Қазақ ұлттық
консерваториясының
Ғылыми істер жөніндегі
проректоры,
ф.ғ.к., доцент*



АННОТАЦИЯ

Проректор Казахской национальной консерватории им. Курмангазы Г. Сулеева в своей статье рассказывает о больших достижениях старейшего в Казахстане вуза искусств, отметившего недавно свое 70-летие, о достойном настоящем и хороших видах на будущее, связанных со служением своему обществу, возвышению имени Казахстана в мире.